

Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «БЕОО» КМК
директоры м.а.
23.10.2024 ж. №52о/д02-17 бұйрығымен
бекітілді
Омар Н.О.
«__» _____ 2024ж.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу
құқығындағы «Балаларды ерте оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнының

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ

I. Жылпы ережелер

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балаларды ерте оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Орталық) осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру болып табылады.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеті:
 - 1) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарын болдырмау;
 - 2) қызметтік міндеттерді жүзеге асыру кезінде Орталық қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
 - 3) Орталық қызметінің тиімділігін арттыру.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында лауазымдық міндеттерді орындау бойынша Орталық қызметкерлерінің мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары қаланған:
 - 1) Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;
 - 2) Орталықтың қызметтерін және өзге де функцияларды көрсету;
 - 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру;
 - 4) Орталықтағы кадр жұмысын ұйымдастыру;
 - 5) Орталықтың қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;
 - 6) Орталықтың қызметінде туындайтын өзге де өзара қатынастар.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:
 - 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Орталық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылады;
 - 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін жүзеге асыру және құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде Орталықтың қызметінде қолданылады.

2. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында лауазымдық міндеттерін орындау бойынша Кәсіпорын қызметкерлерінің мінез-құлық ережесі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде Орталық қызметкерлері міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның және саланың уәкілетті органының шешімдерін, кәсіпорын директорының бұйрықтарын, сондай-ақ Орталықтың жарғысын басшылыққа алуға;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

3) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;

5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдар мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

6) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

7) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

8) Орталықта еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

9. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде Орталық қызметкерлері **міндетті**:

1) тікелей немесе жоғары тұрған басшыға мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілігі туралы, Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына бейімділігі және сыйлықтар алу туралы баяндауға;

2) әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;

4) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды не әуре-сарсаңдарды жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа баяндауға;

5) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлауға міндетті;

6) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінуге;

7) кіріс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тартуға;

8) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе шығару мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға міндетті.

10. Орталықтың қызметтерін және өзге де қызметтерді көрсету кезінде Орталықтың қызметкерлері **міндетті**:

1) тұрақты негізде қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдауға;

2) пайдаланушыларға қызмет көрсету тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсынуға міндетті;

3) көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеуге, сол сияқты қызметтер көрсету және өзге де функциялар барысында кез келген әуре-сарсаңға (бюрократияға) жол бермеуге;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде басшылыққа баяндауға;

5) қызмет көрсету процесінің, қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділіктің ұдайы жетілдірілуін қамтамасыз етуге міндетті.

11. Орталықтың қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Орталық қызметкерлері **міндетті:**

1) Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсауға;

2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен шынайылығын қамтамасыз етуге;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге міндетті.

12. Орталықта кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде қызметкерлер **міндетті:**

1) Орталыққа жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру қажет;

2) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

3) Орталық қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

4) жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;

5) Орталық қызметкерлеріне қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді әділетті және жан-жақты жүргізуге міндетті.

13. Орталықтың қызметінде туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде қызметкерлер **міндетті:**

1) қызметкерлердің қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін дәл және нақты айқындауға;

2) қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін заңсыз бөлуге жол бермеуге;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;

4) анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуге,

5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбауға;

6) қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеуге;


7) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде уақтылы кешенді шаралар қабылдауға;

8) Орталық мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге, автокөлік құралдарын қоса алғанда, Орталықтың мүлкін қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалануға міндетті.

3. Жауапкершілік

14. Орталық қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

Комплаенс-офицер



Едилкызы М.

Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «БЕОО» КМК
директоры м.а. бекітілген
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа
№1 Қосымша
«__» _____ 2024ж.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТӨЛҚҰЖАТ

1. Жалпы мәліметтер, байланыс ақпараттары	
Ұйымның толық және қысқартылған атауы	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балаларды ерте оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «БЕОО» КМК
Ұйымның пошталық мекен-жайы:	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 12 шағын ауданы, 17 үй
Ұйымның сайты «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөліміне сілтеме	crdr.kz Біз туралы» - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комлаенс-қызметі» бөлімі
Ұйымның басшысы туралы ақпарат ТАӘ	Директордың м.а. Омар Нұрғали Омарұлы
Аурухананың тіркеу орнының нөмірі	+7 (727) 2680900
Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға бағытталған жұмысты ұйымдастыруға жауапты қызметкер туралы ақпарат, соның ішінде Т.А.Ә., телефон нөмірі:	Комплаенс-офицер Едилқызы Махаббат, тел: +7 702 557 59 90
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бағдарламасы және ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту жұмысы	
Тиісті кезеңге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын болдырмау бойынша іс-шаралардың жалпы жоспары	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «БЕОО» КМК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» «__» _____ 2024 г. (ұйым басшысымен бекітілген)
2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «БЕОО» КМК директоры м.а. бекітілген.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікті қарастыру бойынша қызметті регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер, жергілікті нормативтік-құқықтық актілер.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікті анықтайтын нормативтік-құқықтық актілер.

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, 2020 жылғы 19 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен
- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 03 шілдедегі № 226-V ЗРК қылмыстық кодексі;

- Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 жылғы 05 шілдедегі № 235 V ЗРК Кодекс